

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ  
МИНИСТРЛІГІ  
«Мирас» университеті

МИНИСТЕРСТВО  
ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
Университет «Мирас»

Ұтыс ойынын өткізу туралы  
ЕРЕЖЕСІ  
ПОЛОЖЕНИЕ  
О проведении розыгрыша

Шымкент 2016 ж.



«Мирас» университетінің президентінің «13» шілде 2016 жылы № 86 н/қ бұйрығымен 2016/2017 оқу жылынан бастап ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН.

Аталған ереже «Мирас» университетінің жеке меншігі болып табылады және Оқу орнының оқыту қызметінде ішкі қолданыс үшін арналған.

## МАЗМҰНЫ

Жалпы ереже.....	4
Ұтыс ойынын дайындау және өткізу.....	4
Автокөлік құралын беру және қолдану шарттары.....	5

## «Сәтті билет» ұтыс ойынын өткізу туралы Ереже

### 1. Жалпы ереже

1.1. Ереже «Мирас» университеті (әрі қарай мәтін бойынша Университет) Мекемесінің ұтыс ойынын 2016-2017 оқу жылында Мирас Университетіне оқуға түсуші тұлғалар арасында өткізу тәртібін анықтайды.

1.2. Ұтыс ойынына қатысуға он сегіз жасқа толған физикалық тұлғалар, сонымен қатар камелеттік жасқа толмаған тұлғалар атынан заңды өкілдері қатысады, ол үшін тұлғалардың лотереялық билеті болуы керек немесе кейіннен ұтыс ойынының қатысушыларының атына өтетін, авто көлік ұтыс ойынына қатысуға құқық беретін, тіркеу нөмері көрсетілген аталған ереже болуы керек.

1.3. Университет басшылығы 2015 жылы шыққан Hyundai Solaris маркалық авто көлігін және тізімін Университеттің басшылығы өзі анықтайтын басқа да құнды сыйлықтар ойнату туралы хабарлайды.

### 2. Ұтыс ойынына дайындық және өткізу

2.1. Ұтыс ойынын өткізу туралы шешім қабылдаған соң, Университет:

2.1.1. Ұтыс ойынын өткізу бойынша комиссия жасақтайды;

2.1.2. Ұтыс ойынын ұйымдастыру және сыйлық фондты қамтамасыз ету үшін серіктестерді тартады;

2.1.3. Жарнамалық кампания жүргізеді;

2.1.4. Ұтыс ойыны қатысушыларын тіркеуді жүргізеді;

2.2. Жарнамалық кампания, әлеуметтік желілерде, Университеттің ресми сайтында, БАҚ-да аудио, бейне және визуалды жарнамалық ақпараттық хабарламалар орнатады, ОҚО тұрғындары арасында жарнамалық мазмұндағы брошюраларды таратады, Қабылдау комиссиясы базасында кеңес беру пункттерін ұйымдастырады.

2.3. Ақпараттық хабарлама мына мәтінде болады:

2.3.1. Ұтыс ойынының өтетін мерзімі, уақыты және орыны;

2.3.2. Ұтыс ойынына қатысушыларды тіркеу орны мен мерзімдері;

2.3.3. Ұтыс ойынының өткізілу шарттарымен танысуға болатын мекен-жайлар;

2.3.4. Басқа қосымша ақпараттар.

2.4. Қатысушылардың тіркеуі ақпараттық хабарламаны тарату басталған күннен бастап басталады және 28.08.2016 жылға дейін жалғасады.

2.5. Ұтыс ойынына қатысу үшін Мирас Университетіне оқуға құжаттарын тапсырған тұлғалар тіркеледі.

2.6. Ұтыс ойыны 24.09.2016 жылы Мирас Университеті студенттерін студенттер қатарына қабылдау мерекесінде өткізіледі. Ұтыс ойыны барысында қатысушылардың ойынға қатысуы міндетті, Жеңімпазды хабарлау кезінде қатысушы болмаған жағдайда, ұтыс қайта өткізіледі.

### 3. Авто көлік құралын беру және қолдану шарттары

- 3.1. Білім алушы – жеңімпаз авто көлікті оқудың барлық кезеңінде қолдануы керек, сату/кепілге қою/сыйлау фактілерінің алдын-алу үшін, оқу кезеңі бойынша авто көлік сенімхат бойынша қолданысқа беріледі, Жеңімпаз Университетте оқуын бітірген кезде автокөлік Жеңімпазға қайта рәсімделеді;
- 3.2. Ұтыс ойынының жеңімпазы авто көлік құралын жеке өзі қолдануға міндетті, жүргізу құқығын үшінші тұлғаға беру құқығы жоқ (Университет әкімшілігімен келісім арқылы басқа нұсқалар жасауға мүмкіндік бар);
- 3.3. Авто көлік Университеттің логотипімен және түсімен сәнделген, жеңімпазға Университетте оқу кезеңінде бұл сәндік логотип пен бояуды шешуге/басқа түске бояуға тыйым салынады;
- 3.4. Жеңімпаз авто көліктің техникалық қызметтеріне қатысты барлық шығындарды өз мойнына алады, сонымен қатар Университетке оқу кезеңі бойынша авто көлік құралының салықтық төлемі бойынша шығындарын төлеп береді, дәлірек айтқанда, көліктік салық, авто сақтандыру төлемін, есепке қоюын және авто көлік құралының тіркеуін және техникалық қарауына және т.б. кеткен шығындары.
- 3.5. Жеңімпаз, Университетте оқу кезеңі бойында ЖЖЕ ережелерін бұзуға байланысты салынған, мүмкін әкімшілік айыппұлдармен байланысты салынған барлық шығындарды Университетке төлеп береді немесе толығымен өз жауапкершілігіне алады. Әкімшілік айыппұлдардың бір күнтізбелік жылға жалпы мөлшері 50АЕК соммасынан асып түспеуі керек, кері жағдайда Университет авто көлікті қолдануды тоқтатуға және ұтыс ойыны нәтижелерін жоққа шығаруға құқылы болып табылады.
- 3.6. Жеңімпаз авто көліктік құралдың сақталуына материалдық жауапты болып табылады. Авто көлікті бұзу жағдайында жеңімпаз авто көліктік құралды қайта қалпына келтіруге және барлық бар сызаттарын өз есебінен жөндеуге (жөндеу жұмыстарын жасатуға, авто бөлшектерін ауыстыруға және т.б.) міндетті болып табылады.
- 3.7. Авто көлікті қайта қалпына келтірмеу және түскен сызаттарын 30 күн ішінде жөнделмеген жағдайда, Университет жүргізуге құқықты қайтарып алуға және Жеңімпаздың келісім шарттар міндеттерін орындамағанына байланысты ұтыс ойыны нәтижелерін жоққа шығаруға құқылы.
- 3.8. 7 және 8 тармақтардағы жағдайлардың алдын-алу үшін Жеңімпаз жыл сайынғы негізде оқу кезеңі бойына Каско бағдарламасы бойынша авто көлікті сақтандыруды іске асырады.
- 3.9. Жүргізуге сенімхат қызметі кезеңінде Жеңімпаз авто көлікті Қазақстан Республикасының шеңберінен шығаруға құқығы жоқ болып табылады.
- 3.10. Авто көлікті (бас жүлде) беру және қолданудың толық шарттары Университет және жеңімпаз арасындағы келісім шартпен түзетіледі.

Мен, \_\_\_\_\_ (Аты-жөні) \_\_\_\_\_ (ИИН), Мирас Университетінің ұтыс ойынына қатысуға өз келісімімді беремін, авто көлікті беру және қолдану шарттарымен таныстым және келісемін.

Қолы \_\_\_\_\_ Мерзімі \_\_\_\_\_

Қатысушының тіркеу нөмері \_\_\_\_\_

ҚК хатшысының қолы \_\_\_\_\_, Мерзімі \_\_\_\_\_